

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дағы қорытынды аттестаттау рәсімінің объективтілігін бағалау»

сауалнама қорытындысы бойынша аналитикалық анықтама

Ректордың 23.12.2025 ж. №1850 бұйрығына сәйкес, Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті мемлекеттік аттестаттау комиссияларының төрағаларын (бұдан әрі – МАК) арасында «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дағы қорытынды аттестаттау рәсімінің объективтілігін бағалау» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнама мақсаты – Академик Е.Ә. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың ашықтық пен объективтілік дәрежесін бағалау.

Сауалнама құралы: google-сауалнама, сұрақтар саны – 10.

Мақсатты аудитория: 2024-2025 оқу жылының МАК төрағалары.

Зерттеуге 34 МАК төрағасы қатысты, бұл олардың жалпы санының 56%-ын құрады (1-кесте). Респонденттердің 35%-ы МАК комиссияларын 3 жылдан астам, 35%-ы – 2-3 жыл, ал 30%-ы – 1 жыл басқарып келеді. МАК төрағаларының 70%-ы осы лауазымда 2 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істейтіні олардың қорытынды аттестаттау рәсімдерін бағалаудағы құзыреттілігін растайды.


1 кесте.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны

(факультеттер бойынша)

	Факультет	МАК төрағалары саны	Респонденттер саны	Респонденттер %
1	Биология-география	5	3	60%
2	Тарих	2	2	100%
3	Шетел тілдер	5	4	80%
4	Математики және АТ	5	4	80%
5	Педагогика	6	3	50%
6	Физико-техникалық	7	3	43%
7	Дене мәдениет және спорт	2	1	50%
8	Филология	5	3	60%
9	Философия және психология	9	3	33%
10	Химия	2	1	50%
11	Экономика	10	4	40%
12	Заң	3	3	100%
	БАРЛЫҒЫ	61	34	56%

Респонденттерге академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дағы қорытынды аттестациялау рәсімінің объективтілігін бағалау ұсынылды. Сауалнама қорытындысы МАК төрағалары мен факультет және шығарушы кафедра басшылығы арасындағы өзара қарым-қатынастын ерекше жоғары деңгейін растады. Мәселен, сарапшылардың 82%-ы қарым-қатынасты *өте жақсы* деп бағаласа, 18%-ы *жақсы* деген жауапты таңдады (1-сурет). Респонденттердің 100%-ы кафедралардың МАК жұмысын ұйымдастыру бойынша құжаттар мен материалдарды әрқашан уақытында ұсынатынын атап өтті (94%-ы *Уақытылы*, ал 6%-ы *Негізінен уақытылы* деген жауапты таңдаған).



1 сурет.

Талдау көрсеткендей, барлық сарапшылар аттестаттау талаптары мен бағалау критерийлері туралы толық ақпаратты меңгерген, бұл түлектерге қорытынды баға қою кезіндегі объективтілікті қамтамасыз етеді. Респонденттердің 62%-ы білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу регламентімен факультет деканы немесе кафедра меңгерушісі таныстырғанын атап өтсе, ал 38%-ы регламентпен Академиялық мәселелер жөніндегі проректор таныстырғанын көрсетті.

Комиссия төрағалары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды аттестаттау рәсіміне деген сенімнің абсолюттік көрсеткішін көрсетеді. Негізгі мәселелер бойынша респонденттердің 100%-ының бір ауыздан келісуі Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасқанын және академиялық стандарттардың қатаң сақталатынын дәлелдейді:

- басшылық тарапынан қысымның болмауы;
- барлық білім алушыларға қойылатын талаптардың бірыңғайлығы;
- қорытынды аттестаттау рәсімінің ашықтығы мен объективтілігі.

Қорытынды:

Сауалнама деректерін талдау Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-де қорытынды аттестаттауды өткізу кезіндегі ұйымдастырушылық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетеді. Сарапшылар мен университет өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынас ерекше жоғары деңгейде. Сыртқы сарапшылар қорытынды аттестаттау рәсімін ашық, заңды және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілген процесс ретінде қабылдайды. Факультеттердегі қорытынды аттестаттау академиялық адалдық принциптеріне қатаң сәйкестікте өткізіледі. Барлық негізгі критерийлер бойынша 100%-дық көрсеткішке қол жеткізілуі қорытынды аттестаттау рәсімін тұрақты және сыртқы әсерлерден қорғалған процесс ретінде сипаттайды.